

«Қазақстанның инвестициялық қоры» АҚ
Директорлар кеңесінің 2019 жылғы 26 сәуірдегі
күндізгі отырысының хаттамасына (№03 хаттама)
4-қосымша

«Қазақстанның инвестициялық қоры» АҚ
Директорлар кеңесінің 2019 жылғы 26 сәуірдегі
шешімімен бекітілді (№ 03 хаттама)

**«Қазақстанның инвестициялық қоры»
акционерлік қоғамының тұрақты даму
саясаты**

Нұр-Сұлтан қ.

2019 жыл

Мазмұны

1-тарау. Жалпы ережелер	4
1 Қолдану саласы	4
2 Қордың тұрақты даму саласындағы мақсаттары мен міндеттері	5
3 Тұрақты даму қағидаттары	6
4 Мүдделі тараптармен өзара іс-қимыл	6
2-тарау. Қордың тұрақты даму саласындағы қызметінің бағыттары	8
5 Тұрақты дамудың экономикалық, экологиялық және әлеуметтік құрамдас бөліктері	8
5.1 Ұлттық экономиканың тұрақты дамуына жәрдемдесу	8
5.2 Жеке экологиялық әсерді басқару	9
5.3 Жауапты еңбек тәжірибесі	10
5.4 Жауапты іскерлік тәжірибе	10
3-тарау. Осы саясатты іске асыру тетіктері	10
6 Жауапкершілікті бөлу	10
7 Тұрақты даму қағидаттарын түйінді процестерге интеграциялау	10
8 Тұрақты даму саласындағы ақпаратты ашу	12
4-тарау. Қорытынды ережелер	12

1-тарау. Жалпы ережелер

1 Қолдану саласы

1. Осы «Қазақстанның инвестициялық қоры» акционерлік қоғамының Тұрақты даму саясаты (бұдан әрі - Саясат) Қазақстан Республикасының заңнамасына, «Қазақстанның инвестициялық қоры» акционерлік қоғамының (бұдан әрі - Қор) Жарғысына, Қордың Корпоративтік басқару кодексіне және Қордың қызметін реттейтін өзге де ішкі құжаттарға сәйкес, сондай-ақ БҰҰ Жаһандық шартының талаптарын, БҰҰ-ның Жауапты инвестициялау қағидаттарын, АА 1000 стандарттарының сериясын, ISO 26000:2010 «Әлеуметтік жауапкершілік жөніндегі нұсқаулық» халықаралық стандартын, Есептілік жөніндегі жаһандық бастаманың тұрақты даму саласындағы есептілік стандарттарын (GRI стандарттары) басшылыққа ала отырып әзірленді.

2. Осы Саясаттың мақсаты - тұрақты даму саласындағы басқару жүйесін құруда Қор ұстануға ниеттенетін негіз қалаушы нормаларды, қағидаттарды, қағидалар мен тәсілдерді айқындау.

3. Осы Саясаттың міндеттері:

1) Қор қызметінің тұрақты даму саласындағы, оның ішінде мүдделі тараптармен өзара іс-қимылдың тиімді және ашық жүйесін құру бөлігіндегі қағидаттары мен бағыттарын айқындау;

2) Қордың әрбір органының және барлық қызметкерлерінің тұрақты даму қағидаттарын іске асыру үшін рөлін, құзыретін, жауапкершілігін бекіту;

3) Қордың тұрақты дамуы мен негізгі процестерінің өзара байланысын айқындау.

4. Тұрақты даму саласындағы міндеттерді шеше отырып, Қор өзінің миссиясына, Қордың даму стратегиясының ережелеріне сүйенеді, сондай-ақ тұрақты даму саласындағы халықаралық стандарттарда бекітілген халықаралық мінез-құлық нормалары мен қағидаттарын пайдаланады.

5. Тұрақты даму саласындағы халықаралық стандарттарды пайдалануды Қор өз қызметінің үздік халықаралық практикаға сәйкестігін қамтамасыз етудің және тұрақты даму саласындағы мақсаттар мен міндеттерге қол жеткізудің қажетті шарты ретінде қарайды.

6. Қордың барлық қызметкерлері өз қызметін жоспарлау және жүзеге асыру, ішкі нормативтік құжаттарды әзірлеу, ақпаратты тарату және коммуникацияның басқа да түрлері кезінде мүдделі тараптармен өзара іс-қимылды қозғайтын бөлігінде осы Саясаттың ережелерін ұстануға ұмтылады.

7. Қордың еншілес ұйымдары кейіннен Қордың еншілес ұйымдарының Директорлар кеңесінің/Бақылау кеңесінің бекітуіне шығара отырып, осы Саясаттың ережелерін ескеретін тұрақты даму саласындағы ішкі нормативтік құжаттарды әзірлеуді қамтамасыз етеді, сондай-ақ олардың қолданылуын бақылауды жүзеге асырады.

8. Осы құжатта мынадай негізгі терминдер мен анықтамалар пайдаланылады:

1) БҰҰ Жаһандық шарты - тұрақты даму саласындағы аса ірі халықаралық бастама, оның мақсаты іскерлік қоғамдастықтың қызметіне адам құқықтары, еңбек қатынастары, қоршаған ортаны қорғау және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы он негізгі қағидатты енгізу болып табылады;

2) еншілес ұйымдар - дауыс беретін акцияларының (қатысу үлестерінің) елу және одан да көп пайызы меншік немесе сенімгерлік басқару құқығымен Қорға тікелей тиесілі заңды тұлғалар;

3) мүдделі тарап (стейкхолдер) - Қорға және оның қызметіне ықпал ететін және/немесе Қор тарапынан өзіне ықпал ететін жеке және заңды тұлғалар немесе тұлғалар тобы (мысалы, қызметкерлер, контрагенттер және т.б.);

4) Даму индексі - Қордың Даму стратегиясына және Қор мен оның еншілес ұйымдарының инвестициялық қызметінің мақсаттарына сәйкес қаржылық қолдау көрсету туралы шешім қабылдау кезінде Қордың

қабылданған инвестициялық декларациясына сәйкес есептелетін әлеуетті жобаларға басымдық беру құралы;

5) Стейкхолдерлер картасы - стейкхолдерлердің әрқайсысымен жұмыс істеу стратегиясын әзірлеу мақсатында Қордың ортасы туралы ақпаратты жүйелендіруге және визуализациялауға мүмкіндік беретін құрал;

6) бәсекелестер - қызмет саласы, мүдделері мен мақсаттары Қордың және оның еншілес ұйымдарының қызметі саласында, мүдделері мен мақсаттарына бірдей болатын жеке немесе заңды тұлғалар;

7) контрагенттер - шарт бойынша өзіне қандай да бір міндеттемелерді қабылдаған жеке немесе заңды тұлғалар (мысалы, өнім берушілер, әріптестер);

8) «жасыл кеңсе» тұжырымдамасы - жұмыскерлердің экологиялық санасының деңгейін арттыруға бағытталған техникалық, сондай-ақ ынталандыру-білім беру іс-шараларын қамтитын кешенді тәсіл;

9) ISO 26000: 2010 «Әлеуметтік жауапкершілік жөніндегі нұсқаулық» халықаралық стандарты - әлеуметтік жауапкершілік қағидаттарын, әлеуметтік жауапкершілікке қатысты негізгі тақырыптар мен проблемаларды және әлеуметтік-жауапты мінез-құлықты ұйымның стратегиясына, жүйесіне, практикасы мен процестеріне интеграциялау тәсілдерін айқындайтын стандарт;

10) Халықаралық қаржы корпорациясы (бұдан әрі - ХҚК) - Дүниежүзілік банк тобына кіретін, қызметі дамушы елдердің жеке секторына ғана шоғырланған халықаралық қаржы институты;

11) Холдинг - «Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингі» АҚ;

12) менеджмент - Басқарма Төрағасы және мүшелері;

13) басқару органы - Директорлар кеңесі;

14) ООН (UN PRI Principles) Жауапты инвестициялау қағидаттары - инвестициялық қызметтің барлық кезеңдерінде экологиялық және әлеуметтік факторларды, сондай-ақ адал корпоративтік басқару факторларын (ESG факторлары) есепке алуға негізделген қағидаттар кешені;

15) сақтық қағидаты - қағидат, тіпті олардың толық ғылыми негіздемесі болмаса да, қоршаған ортаның жай-күйі нашарлауының алдын алу бойынша тиімді шаралар, экологиялық апаттардың алдын алу жөніндегі алдын алу іс-қимылдарын қабылдауды білдіреді;

16) Экватор қағидаттары (Equator principles) - жобалық қаржыландыру шеңберінде экологиялық және әлеуметтік тәуекелдерді бағалау үшін қаржы ұйымдары әзірлеген және қабылдаған, ХҚК қолданатын табиғат қорғау және әлеуметтік стандарттарға негізделген нормалар кешені;

17) жоба - Қордың және оның еншілес ұйымдарының қаржылық әрі қаржылық емес қолдау көрсетуін білдіретін әлеуетті немесе жасалған мәміле:

- соңғы алушыға (тікелей қолдау кезінде);

- екінші деңгейдегі банктерге, даму банктеріне және депозиттік қаражатты орналастыру түріндегі өзге де заңды тұлғаларға

- қаржыландыруды кейіннен соңғы алушыға жіберу мақсатындағы қаражат (жанама қолдау кезінде);

- инвестициялық қорлар мен тікелей инвестициялар қорларына кейіннен соңғы алушыға қаржылық қолдауды жіберу мақсатында (жанама қолдау кезінде) капиталға кіру түрінде;

- Қордың инвестициялық декларациясының ережелеріне, Қордың және оның еншілес ұйымдарының жарғылық мақсаттарына, стратегиялары мен миссияларына үлестік және борыштық қаржыландыру құралдары арқылы сәйкес келген жағдайда.

18) AA1000 стандарттар сериясы - AccountAbility институты (Әлеуметтік және этикалық есептілік институты) әзірлеген қаржылық емес есептілікті басқару және оның сапасын қамтамасыз ету құралдары мен стандарттарының жиынтығы. AA1000 стандарттарының сериясына мыналар кіреді:

- Accountability AA1000 (AA1000APS) қағидаттарының стандарты;

- AA1000 верификация стандарты (AA1000AS);

- AA1000 (AA1000SES) мүдделі тараптармен өзара әрекеттесу стандарты.

19) Есептілік жөніндегі жаһандық бастаманы тұрақты даму саласындағы есептілік стандарттары (GRI стандарттары) - барлық ұйымдарға қолданылатын және есептілікті дайындауға қойылатын қағидаттар мен талаптарды, ашудың жалпы элементтерін және менеджмент тәсілі туралы мәліметтерді қамтитын 3 әмбебап стандартты және экономикалық, экологиялық және әлеуметтік тақырыптарды ашу жөніндегі стандарттар сериясын қамтитын 33 тақырыптық стандартты қамтитын стандарттар жиынтығы;

20) тұрақты даму - Қор өз қызметінің қоршаған ортаға, экономикаға, қоғамға әсерін басқаратын және мүдделі тараптардың мүдделерін сақтауды ескере отырып шешімдер қабылдайтын даму. Тұрақты даму болашақ ұрпақты өз қажеттіліктерін қанағаттандыру мүмкіндігінен айырмай, қазіргі ұрпақтың қажеттіліктеріне сай келуге тиіс;

21) ESG факторлары - халықаралық қоғамдастық таныған стандарттарға негізделген экологиялық тиімділік және қоршаған ортаны қорғау, әлеуметтік бағыт және адал корпоративтік басқару қағидаттарының кешені;

22) БҰҰ-ның тұрақты даму мақсаттары -2030 жылға дейінгі кезеңге арналған тұрақты даму саласындағы Күн тәртібі шеңберінде қабылданған және кедейлікті жоюға, планета ресурстарын сақтауға және барлығы үшін әл-ауқатты қамтамасыз етуге бағытталған 17 мақсат пен 169 міндет.

9. Осы құжатта келесі қысқартулар қолданылады:

- 1) ЕҰ - еншілес ұйымдар
- 2) КБК - Корпоративтік басқару кодексі
- 3) ҚНК - қызметтің негізгі көрсеткіштері
- 4) ХҚК - Халықаралық қаржы корпорациясы
- 5) БҰҰ - Біріккен Ұлттар Ұйымы
- 6) Даму стратегиясы - Қордың 2014-2023 жылдарға арналған Даму стратегиясы
- 7) ESG - Environmental, Social and Governance
- 8) GRI - Global Reporting Initiative

2 Қордың тұрақты даму саласындағы мақсаттары мен міндеттері

10. Қордың тұрақты дамуы - бұл өз қызметін жүзеге асыру кезінде Қор басшылыққа алатын қағидаттар мен міндеттемелердің жиынтығы, атап айтқанда:

- 1) мүдделі тараптармен өзара қарым-қатынастарды басқару;
- 2) ұлттық экономикаға, әлеуметтік салаға және экологияға әсерін бағалау және басқару.

11. Қор ұзақ мерзімді кезеңде тұрақты даму үшін өзінің экономикалық, экологиялық және әлеуметтік мақсаттарының келісімділігін қамтамасыз етеді.

12. Қордың тұрақты дамуының экономикалық құрамдас бөлігі мынадай мақсаттарды қамтиды:

- 1) Қор қызметінің және оның ЕҰ-ның залалсыздығы;
- 2) акционерлер мен инвесторлардың мүдделерін қамтамасыз ету;
- 3) процестердің тиімділігін арттыру;
- 4) неғұрлым жетілдірілген технологияларды құруға және дамытуға инвестициялардың өсуі;
- 5) еңбек өнімділігін арттыру;
- 6) жаңа жұмыс орындарын құру;
- 7) шикізаттық емес салалар экспортының өсуін ұлғайту;
- 8) өңдеуші өнеркәсіптің өсуі.

13. Қордың тұрақты дамуының экологиялық құрамдас бөлігі мынадай мақсаттарды қамтиды:

- 1) биологиялық және физикалық табиғи жүйелерге әсерді азайту;
- 2) шектеулі ресурстарды оңтайлы пайдалану;
- 3) экологиялық, энергия және материал үнемдеуші технологияларды қолдану.

14. Қордың тұрақты дамуының әлеуметтік құрамдас бөлігі мынадай мақсаттарды қамтиды:

- 1) ашық конкурстық рәсімдерді және жұмысқа қабылдау кезінде тең мүмкіндіктерді қамтамасыз ету;
- 2) әділ сыйақы беру және қызметкерлердің құқықтарын сақтау;
- 3) еңбек қауіпсіздігін қамтамасыз ету және қызметкерлердің денсаулығын сақтау;
- 4) қызметкерлерді оқыту және кәсіби дамыту;
- 5) ішкі және сыртқы әлеуметтік бағдарламаларды іске асыру.

15. Қордың тұрақты даму саласындағы міндеттері:

- 1) тұрақты даму қағидаттарын Қордың және оның ЕҰ қызметіне интеграциялау;
- 2) тұрақты дамудың үш құрауышы бөлінісінде қызметке талдау жүргізу және тәуекелдерді бақылау;
- 3) жүйелі жұмысты ұйымдастыру есебінен тұрақты дамуды басқару сапасын арттыру;
- 4) тұрақты даму саласындағы қызмет нәтижелері туралы тұрақты хабарлауды қоса алғанда, Қордың мүдделі тараптармен тиімді өзара іс-қимыл жасау тетіктерін құру.

3 Тұрақты даму қағидаттары

16. Қор өз қызметі шеңберінде Қордың КБК-да бекітілген тұрақты дамудың мынадай қағидаттарын басшылыққа алады: ашықтық, есептілік, айқындық, этикалық мінез-құлық, мүдделі тараптардың мүдделерін сақтау, заңдылық, адам құқықтарын сақтау, сыбайлас жемқорлыққа төзбеушілік, мүдделер шиеленісіне жол бермеу.

17. Қор сондай-ақ өз қызметінде БҰҰ Жаһандық шартының қағидаттарын ұстанатыны туралы мәлімдейді:

1) адам құқықтарын қорғау саласында:

- Қор халықаралық деңгейде жарияланған адам құқықтарын қорғауды қамтамасыз етеді және құрметтейді;
- Қор адам құқықтарын бұзуға қатыспауды қамтамасыз етеді.

2) еңбек қатынастары саласында:

- Қор мәжбүрлі және балалар еңбегін, еңбек және жұмыспен қамту саласындағы кемсітушілікті жоюға ықпал етеді.

3) қоршаған ортаны қорғау саласында:

- Қор сақтық қағидатына негізделген экологиялық мәселелерге көзқарасты қолдайды;
- Қор қоршаған ортаның жай-күйі үшін жауапкершілікті арттыруға бағытталған бастамаларды қабылдайды;
- Қор экологиялық қауіпсіз технологиялардың дамуы мен таралуына жәрдемдеседі.

4) сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес саласында:

- Қор бопсалаушылық пен парақорлықты қоса алғанда, сыбайлас жемқорлықтың барлық нысандарына және басқа да құқыққа қарсы әрекеттерге төзбеушілік туралы мәлімдейді.

4 Мүдделі тараптармен өзара іс-қимыл

18. Қорда тұрақты дамудың табысты және тиімді саясатын жүргізу үшін мүдделі тараптармен өзара іс-қимылға тиісті көңіл бөлінеді.

19. Мүдделі тараптардың тізбесін, олардың ықпал ету дәрежесін және Қордың мүдделеріне ықпал ету салаларын айқындау мақсатында Қордың Стейкхолдерлер картасы әзірленді. Қордың ЕҰ мүдделі тараптарды айқындау мен олардың өзара іс-қимылының халықаралық стандарттарына сәйкес стейкхолдерлердің ұқсас карталарын әзірлеуді және бекітуді қамтамасыз етеді.

20. Қор ықпал ету саласына байланысты мүдделі тараптардың үш тобын айқындайды: өкілеттіктер мен жауапкершілік саласы, тікелей ықпал ету саласы, жанама ықпал ету саласы.

21. Өкілеттік/жауапкершілік саласы:

- 1) Жалғыз акционер;
- 2) басқару органы;
- 3) менеджмент;
- 4) персонал.

22. Тікелей әсер ету саласы:

- 1) мемлекеттік органдар;
- 2) ЕҰ;
- 3) инвесторлар;
- 4) қаржы институттары;
- 5) өнім берушілер, сатып алушылар;
- 6) серіктестер;
- 7) аудиторлар;
- 8) консалтингтік ұйымдар.

23. Жанама әсер ету саласы:

- 1) халық;
- 2) қоғамдық ұйымдар;
- 3) бұқаралық ақпарат құралдары;
- 4) бәсекелестер.

24. Мүдделі тараптардың маңыздылығын бағалау кезінде Қор мүдделі тараптарды екі фактор бойынша саралайды: стейкхолдердің қолдау/қарсы іс-қимыл дәрежесі, оның Қорға әсер ету күшін бағалау.

25. Мүдделі тараптардың маңыздылығын алынған бағалау негізінде Қордың құрылымдық бөлімшелері қызметтің ерекшелігіне қарай мүдделі тараптармен өзара іс-қимыл бағыттарын айқындайды.

26. Мүдделі тараптармен өзара іс-қимылдың негізгі нысандары: бірлескен бағдарламалар мен жобалар, ынтымақтастық туралы меморандумдар, бірлескен жұмыс топтары, қызмет туралы есептілік, кездесулер, кеңестер, жарияланымдар, сұхбаттар және т.б. болып табылады.

27. Мүдделі тараптармен өзара іс-қимылдың негізгі бағыттары: стратегиялық жоспарлау, қаржылық қызмет, Қордың жобалары мен активтерін басқару, заң шығармашылығы, операциялық қызмет, бұқаралық ақпарат құралдарымен өзара іс-қимыл.

28. Қор қажеттілігіне қарай стейкхолдерлердің мүдделілік дәрежесін, оның ішінде тұрақты даму мәселелерінде айқындау мақсатында тұрақты даму саласындағы қызмет бағытына жетекшілік ететін құрылымдық бөлімше айқындайтын негізгі стейкхолдерлерге сауалнама нысандарын жібереді.

29. Қордың мүдделі тараптармен өзара іс-қимылын ұйымдастыру процесі Қор қызметін басқару процесінің барлық сатыларында мүдделі тараптардың мүдделерін ескеруді және мүдделі тараптарды маңызды тақырыптар мен маңызды мәселелерді, ықтимал тәуекелдер мен жауапкершілік шекараларын талқылауға тартуды білдіретін тарту қағидатына негізделген.

30. Өз кезегінде, тартылушылық келесі үш қағиданы сақтай отырып жүзеге асырылады;

- 1) Маңыздылық. Қор өзінің мүдделі тараптарын нақты айқындайды және мүдделі тараптардың қандай мүдделері елеулі болып табылатынын түсінеді;
- 2) Толықтық. Қор өз қызметі барысында мүдделі тараптардың қауіптеріне назар аударады, атап айтқанда, олардың көзқарастарын, қажеттіліктері мен күтілетін нәтижелерін, сондай-ақ маңызды мәселелер бойынша пікірлерін түсінеді;
- 3) Ден қою. Қор мүдделі тараптардың барлық маңызды сұрақтарына дәйекті жауап береді.

31. Қор мүдделі тараптармен өзара қарым-қатынастарды басқаруды ұйымдастыру мақсатында өз қызметін мынадай негізгі қағидаттарға шоғырландырады:

- 1) барлық мүдделі тараптардың мүдделерін құрметтейді және ескереді;
- 2) нысаналы аудиторияларды өз қызметі туралы белсенді хабардар етуге ұмтылады;
- 3) жекелеген ішкі рәсімдерді (сатып алу, жұмысқа қабылдау, қаржылық және қаржылық емес қызметтер көрсету бойынша сыртқы кандидаттар арасында конкурстық іріктеу) іске асыру, сондай-ақ қаржы қаражатын пайдалану бөлігінде объективтілікті, анықтықты, тәуелсіздікті және ақпараттық ашықтықтың жоғары деңгейін қамтамасыз етеді;
- 4) барлық мүдделі тараптармен ашық және нәтижелі ынтымақтастықты қамтамасыз етеді;
- 5) мүдделі тараптар алдында өзіне алған міндеттемелерді орындайды;
- 6) тұрақты негізде мүдделі тараптардан кері байланыс алады.

32. Мүдделі тараптарға әсер етуді басқару жөніндегі тәсілдерді ресмилендіру кезінде Қор төменде айқындалған талаптарды сақтау қажеттігіне сүйенеді. Бұл ретте, Қорға дейін мүдделі тараптарға әсер етуді басқару жөніндегі өз тәсілдерін ресімдеу кезінде осы талаптарды ескереді.

33. Жалғыз акционермен және мемлекеттік органдармен өзара іс-қимыл кезінде:

- 1) Қор Қазақстан Республикасы заңнамасының, Қордың Жарғысы мен өзге де ішкі құжаттарының талаптарына сәйкес қаржы-шаруашылық қызметінің нәтижелері туралы анық ақпарат береді;
- 2) Қор негізгі шешімдерді тиімді қабылдауға бағытталған корпоративтік басқару қағидаттары шеңберінде Жалғыз акционер құқықтарының іске асырылуын қамтамасыз етеді;
- 3) Қор ақпаратты ашу және/немесе құпиялылық туралы шарттар және/немесе келісімдер шеңберінде басқа ұйымдардан алынатын құпия ақпаратты қоспағанда, жоспарлар, жетістіктер, қызметтің проблемалары туралы қосымша мәліметтерді, сондай-ақ Қордың қызметі туралы басқа ұйымдардың зерттеулерін ұсынады.

34. ЕҰ-мен өзара іс-қимыл кезінде:

- 1) Қор ЕҰ мақсаттарына уақтылы қол жеткізуге ықпал етеді;
- 2) Қор корпоративтік басқару қағидаттарына және бекітілген ішкі нормативтік құжаттарға негізделген ЕҰ мүдделерін ескереді және өзара іс-қимылдың барабар және жедел процесін қамтамасыз етеді;
- 3) Қор олардың тиімділігі мен шығынсыздығын, нарықтық тартымдылығы мен бәсекеге қабілеттілігін арттыру мақсатында ЕҰ-ға консультациялық қызметтер көрсетеді;
- 4) Қор ЕҰ-мен бірыңғай стандарттарды және барлық ЕҰ жұмысына қойылатын талаптарды қолдану арқылы тиімді өзара іс-қимылды жүзеге асырады;
- 5) Қор өзінің басқару функцияларын іске асыру кезінде өзара көмек пен ынтымақтастық ахуалын қолдайды, сондай-ақ өз ЕҰ-ның басқарушылық, ғылыми, технологиялық және бедел әлеуетін дамытады;
- 6) Қордың мамандары ЕҰ-ның құжаттары мен жұмыс нәтижелеріне сапалы сараптаманы жүзеге асырады.

35. Инвесторлармен және контрагенттермен өзара іс-қимыл кезінде:

- 1) Қор жеткілікті дәрежеде қаржы жағдайы, дивидендтік саясат және кредиттік тарих туралы, сондай-ақ ЕҰ-ның даму перспективалары туралы өзекті ақпаратты ашып көрсетеді;
- 2) Қордың қаржылық және басқарушылық есептілігі заңнамалық және нормативтік талаптарға сәйкес дайындалады және уақтылы ұсынылады, бұл ретте қаржылық есептілік тәуелсіз аудиторлардың тексеруінен өтеді;
- 3) Жалғыз акционердің және басқа да мүдделі тұлғалардың (республикалық, жергілікті билік органдары) ықпалы туралы, сондай-ақ мүдделі тұлғалармен мәмілелерді бақылау және келісу тәртібі туралы ақпарат белгілі, ашық және қолжетімді;
- 4) Қор инвестициялық және стратегиялық шешімдер қабылдауға деген көзқарастардың проактивті коммуникациясын жүзеге асырады;
- 5) Қор іскер әріптестер алдындағы өзінің келісімшарттық міндеттемелерін адал орындайды;
- 6) Қор Қазақстан Республикасының заңнамасына қатаң сәйкестікте ақпараттық айқындықты, ашықтықты, тең құқықты, әділдікті, кемсітушіліктің болмауын және бәсекелестікті негізсіз шектеуді қамтамасыз етеді;
- 7) Қор әлемдік жетекші практикаға сәйкес корпоративтік басқару және корпоративтік басқару жүйесін жетілдіру саласындағы қағидаттарды сақтайды.

36. Қызметкерлермен өзара іс-қимыл кезінде:

- 1) Қор ашық, айқын, білікті және уәжді персоналды қалыптастыруға бағытталған кадр саясатын қамтамасыз етеді;
- 2) Қор барлық қызметкерлерге еңбек қызметі процесінде олардың әлеуетін іске асыру, олардың қызметін риясыз және әділ бағалау үшін тең мүмкіндіктерді қамтамасыз етеді;
- 3) Қорда қызметкерлерді іріктеу және мансаптық өсу тек конкурстық негізде және тиісінше кәсіби қабілеттер, білім мен дағдылар негізінде жүзеге асырылады;
- 4) тиімді коммуникация және қызметкерлердің өзара іс-қимылы қызметкерлерді және коммуникация арналарын тұрақты хабардар етудің ішкі корпоративтік көздерін ұйымдастыру, қызметкерлердің пікірлері мен ұсыныстарын тұрақты зерделеу, жұмыс топтарының қызметін ұйымдастыру арқылы қамтамасыз етіледі,

37. Жұртшылықпен өзара іс-қимыл кезінде:

- 1) Қор жұртшылықпен тиімді және жедел өзара іс-қимыл жасайды;
- 2) Қор әлеуметтік іске асырылатын жобаларды іске асыруға белсенді қатысады;
- 3) Қорға жіберілетін сұрау салуларға жауаптар уақтылы және толық көлемде беріледі,

2-тарау. Қордың тұрақты даму саласындағы қызметінің бағыттары

5 Тұрақты дамудың экономикалық, экологиялық және әлеуметтік құрамдас бөліктері

5.1 Ұлттық экономиканың тұрақты дамуына жәрдемдесу

38. Қордың миссиясы проблемалық активтерді/жобаларды сауықтыру арқылы Қазақстан Республикасының тұрақты экономикалық дамуына жәрдемдесу болып табылады.
39. Қор Қазақстан Республикасы Үкіметінің ұлттық даму институты ретінде проблемалық активтермен/жобалармен жұмыс жөніндегі бағдарламаларды іске асыруға қатысады.
40. Инвестициялау шеңберінде Қордың негізгі мақсаттары:
 - 1) бұрын салынған инвестицияларды қайтару және кәсіпорындарды сауықтыруға жәрдемдесу;
 - 2) экономиканың шикізаттық емес секторларында әлеуметтік маңызы бар жобаларды іске асыру арқылы өңірлердің әлеуметтік-экономикалық дамуына жәрдемдесу;

3) экономика секторына қарамастан, өнеркәсіптік және инфрақұрылымдық ұйымдардың экономикалық белсенділігін қолдау және қалпына келтіру;

4) кәсіпорындарды сауықтыруға жәрдемдесу, өндірістерді іске қосу, өңірлердегі әлеуметтік-экономикалық жағдайды жақсарту болып табылады.

41. Қызметтің төрт бағытында тиімді жұмыс істеуі үшін Қор функциялар қоржынын оңтайландыру және олардың одан әрі дамуын айқындау бойынша жұмысты жүзеге асырады.

42. Қор Yellow Pages Rule қағидаттарына сүйене отырып, жеке секторда жеткілікті көлемде және деңгейде іске асырылатын функцияларды жүзеге асырмайды.

43. Қор экономикалық тиімді және тұрақты қызмет мақсатына қол жеткізген кезде осы саладағы негізгі халықаралық стандарттарға сәйкес БҰҰ-ның Жауапты инвестициялау қағидаттары мен Экватор қағидаттарына сәйкес жауапты инвестициялау практикасын дамыту мақсатында Қордың және оның ЕҰ-ның қаржылық қолдауына ие болатын жобалар шеңберінде экологиялық және әлеуметтік мәселелерде, сондай-ақ корпоративтік басқару мәселелерінде (ESG факторлары) озық халықаралық практиканы ұстанады.

44. Қор ESG факторларын және жобаларға басымдық беру құралы – Даму индексінің қаржылық қолдау көрсету бойынша шешімдер қабылдау процесіне, оның ішінде Қордың контрагенттерін және оның еншілес ұйымдарын ESG факторларымен және Даму индексімен таныстыру арқылы енгізуге және біріктіруге ұмтылады.

45. Қор және оның еншілес ұйымдары өздерінің контрагенттерінен келесіні күтеді:

1) қоршаған орта мен қоғамға нақты және ықтимал әсерді анықтау, бағалау бойынша экологиялық тәуекелдерді (қоршаған ортаны) басқару жүйесін қолдану, тиісті басқару шараларын айқындау және нәтижелі енгізу, экологиялық тәуекелдердің деңгейіне бақылауды жүзеге асыру;

2) жұмыскерлердің құқықтарын құрметтеуге негізделуге тиіс жұмыскерлердің денсаулығын қамтамасыз ету (сақтау) жүйесін қолдану; осы жүйе жұмыскерлерге әділ қарым-қатынасты, олар үшін қауіпсіз және саламатты еңбек жағдайларын жасауды, халық пен тұтынушылар топтарының денсаулығы мен қауіпсіздігіне қолайсыз әсердің алдын алуды және болғызбауды жүзеге асыруды қамтамасыз етуге тиіс;

3) әділдік, адалдық, жауапкершілік, ашықтық, кәсібилік және құзыреттілік қағидаттарына негізделген адал корпоративтік басқару жүйесін қолдану; адал корпоративтік басқару ұйымның қызметіне мүдделі барлық тұлғалардың құқықтары мен мүдделерін құрметтеуді көздейді және оның табысты қызметіне, оның ішінде оның нарықтық құнының өсуіне, қаржылық тұрақтылық пен кірістілікті қолдауға ықпал етеді.

5.2 Жеке экологиялық әсерді басқару

46. Өз қызметінің сипатына қарай Қор қоршаған ортаға тікелей елеулі әсер етпейді, Қор тұтынатын негізгі ресурстар электр энергиясы, жылу энергиясы және су болып табылады.

47. Қор қоршаған ортаға қолайсыз әсердің алдын алуды ең жақсы түрде қамтамасыз ететін ресурстарды ұтымды пайдаланудың қағидаттары мен әдістерін қолданады.

48. Қор өз қызметінде ресурстарды артық тұтынуды қысқартуға және энергия тиімді технологияларды енгізу, су тұтынуды азайту, кеңсе қажеттіліктері үшін қағаз жұмсауды азайту арқылы, электрондық құжат айналымы жүйесін және екіжақты басып шығару практикасын енгізу арқылы қолданыстағы теріс экологиялық әсерді азайтуға ұмтылады.

49. Қор «жасыл кеңсе» тұжырымдамасын енгізу мүмкіндігін қарастыруда, оның маңызды құрамдас бөлігі қызметкерлердің экологиялық сана деңгейін арттыруға бағытталған ақпараттық науқан болып табылады.

5.3 Жауапты еңбек тәжірибесі

50. Қызметкерлер - басты құндылық және негізгі ресурс, Қор қызметінің нәтижелері олардың кәсібилігі мен қауіпсіздігі деңгейіне тікелей байланысты.

51. Қор өз қызметкерлерімен еңбек қатынастарын заңдылық және қызметкердің жалпыға бірдей танылған еңбек құқықтарын сақтау қағидаты негізінде құрады.

52. Қор өз қызметін жүзеге асыру кезінде тең мүмкіндіктер беру қағидатын басшылыққа алады және жұмысқа жалдау, еңбекақы төлеу, оқуға рұқсат беру, лауазымын жоғарылату, жұмыстан шығару кезінде жынысы, нәсілі, тілі, діни, саяси және басқа да сенімдері, азаматтығы, ұлттық немесе әлеуметтік шығу тегі, шектеулі мүмкіндіктері тәрізді негіздер бойынша өз қызметкерлерін кемсітуге жол бермейді.

53. Қордың персоналды іріктеуге жауапты құрылымдық бөлімшесі неғұрлым білікті кандидаттарды тарту үшін іздеу арналарының ауқымды жиынтығын және кадрларды конкурстық іріктеуді пайдаланады.

54. Кәсіби кадрларды одан әрі дамыту және ілгерілету мақсатында Холдинг Холдинг пен еншілес ұйымдардың үздік қызметкерлерінен құралған бірыңғай кадр резервін құрды.

55. Қорда заманауи әдістемелерді қолдана отырып, қызметкерлерді тұрақты оқыту және дамыту жүйесі жұмыс істейді.

56. Қор оқытудың озық нысандарын - оқыту тағылымдамаларын, конференцияларға, форумдарға, шеберлік сыныптарына, бизнес-таңғы астарға баруды, корпоративтік ішкі және сыртқы оқытуды, жұмыс орнында оқытуды және т.б. қолданады.

57. Қор қызметкерлерін оқыту және кәсіби дамыту мынадай қағидаттарға негізделеді:

1) оқыту іс-шараларының тақырыбы мен мазмұнының қызметкердің лауазымдық міндеттеріне, оның қызметін бағалау нәтижелеріне (ҚНҚ картасы), қызметкердің алдына қойылған мақсаттар мен міндеттерге сәйкес айқындалған қажеттіліктерге сәйкес келуі;

2) оқыту іс-шараларының Қор қызметінің тиімділігін арттыруды қамтамасыз ететін нақты міндеттерді шешуге, үздік корпоративтік практикалар мен стандарттарды зерделеуге бағытталуы;

3) оқытудың және кәсіби дамудың жүйелік, қолданбалы, жоспарлы сипаты;

4) Қор қызметкерлерінің барынша ықтимал санын оқыту және кәсіптік дамыту бағдарламаларымен қамту.

58. Қордағы оқу процесі Қордың Кадр саясаты жөніндегі комитеті бекітетін Оқу жоспарының негізінде құрылады.

59. Қызметкерлердің еңбек өнімділігі деңгейін арттыру ҚНҚ қолдану, персоналды аттестаттау және ынталандыру шаралары тәсілімен қызметті әділ әрі жүйелі бағалау арқылы жүзеге асырылады.

60. Еңбек үшін әділ және бәсекеге қабілетті сыйақыны қамтамасыз ету мақсатында Қорда грейдтер жүйесі енгізіледі, нарықтағы және салыстырмалы саладағы жалақы жүйелі түрде қаралады, ынталандырушылық зерттеулер жүргізіледі.

61. Қор жұмыс орындарында қызметкерлердің еңбегін дұрыс ұйымдастыруды қамтамасыз ету жөнінде шаралар қабылдайды және осы саладағы Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес келетін қауіпсіз еңбек жағдайларын жасауға ұмтылады.

62. Қор еңбек қауіпсіздігі мен еңбекті қорғауға байланысты барлық оқиғалар мен проблемаларды барынша азайту немесе жою мақсатында құжаттайды және зерттейді.

63. Қор осы саладағы қызметкерлерді оқыту мен біліктілігін арттыруды қоса алғанда, еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау саласындағы қызметкерлерді қажетті даярлауды қамтамасыз етеді.

5.4 Жауапты іскерлік тәжірибе

64. Қор сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтайды, сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясат пен тәжірибені енгізеді және қолдайды.

65. Қордың барлық деңгейдегі басшылары өздерінің бағынысты қызметкерлеріне сыбайлас жемқорлыққа қарсы мінез-құлықтың үлгісін көрсетеді, сондай-ақ сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясаттың енгізілуіне бейілділікті, көтермелеуді және қадағалауды көрсетеді.

66. Қор өзінің лауазымды тұлғаларының, қызметкерлерінің, контрагенттерінің сыбайлас жемқорлық және оған қарсы іс-қимыл мәселелері жөніндегі хабардарлығын арттырады.

67. Қорда қызметкерлерді сыбайлас жемқорлықты жою бойынша оқыту тұрақты негізде жүргізіледі.

68. Қорда Қордың лауазымды тұлғалары, қызметкерлері мен контрагенттері, сондай-ақ жеке және заңды тұлғалар Қордың кез келген лауазымды тұлғасы, қызметкері, Қор контрагентінің лауазымды тұлғасы, қызметкері, өкілі жасаған ықтимал сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар туралы мәліметтерді ұсына алатын кері байланыс тетіктері жұмыс істейді.

69. Қордың лауазымды тұлғалары мен қызметкерлері мүдделер шиеленісінен еркін, ашық, уақтылы және барабар шешімдер қабылдау үшін жауапты болады.

3-тарау. Осы саясатты іске асыру тетіктері

6. Жауапкершілікті бөлу

70. Қорда тұрақты дамуды басқару Қор қызметін басқарудың жалпы жүйесі шеңберінде жүзеге асырылады және оның ажырамас бөлігі болып табылады.

71. Қор Басқармасы тұрақты дамуды басқарудың тиісті жүйесін қалыптастыруды және оны енгізуді қамтамасыз етеді.

72. Қор Басқармасы тұрақты даму саласындағы тиісті іс-шаралар жоспарын бекітеді.

73. Қордың тұрақты даму саласындағы қызмет бағытына жетекшілік ететін құрылымдық бөлімше Қордың тұрақты даму саласындағы іс-шараларын үйлестіруге жауапты болады.

74. Қордың тұрақты даму саласындағы қызмет бағытына жетекшілік ететін құрылымдық бөлімшесінің басшысы осы Саясатты басқаруды қамтамасыз етуге жауапты болады.

75. Қордың құрылымдық бөлімшелері тұрақты даму саласындағы іс-шараларды іске асыру нәтижелері туралы ақпаратты, сондай-ақ Қордың жылдық есебіне енгізу үшін ақпаратты Қордың тұрақты даму саласындағы қызмет бағытына жетекшілік ететін департаменттің сұрауы бойынша береді, қажет болған кезде Қордың осы саладағы қызметін жақсарту жөнінде ұсыныстар енгізеді.

76. Қордың тұрақты даму саласындағы қызмет бағытына жетекшілік ететін құрылымдық бөлімше мынадай функцияларды орындайды:

1) тұрақты даму саласындағы қызметті жоспарлауды жүзеге асырады - ішкі және сыртқы ахуалды талдауды, тұрақты даму саласындағы мақсаттарды, сондай-ақ нысаналы көрсеткіштерді, тұрақты дамудың үш құрамдас бөлігі бойынша қызметті жақсарту мен жетілдіру жөніндегі іс-шараларды, жауапты адамдарды, қажетті ресурстарды және орындау мерзімдерін айқындауды жүзеге асырады;

2) Қордың құрылымдық бөлімшелерінің осы Саясаттың мақсаттары мен міндеттеріне қол жеткізуге бағытталған қызметін үйлестіреді;

3) тұрақты даму саласындағы іс-шаралар жоспарының орындалуы бойынша есепті дайындауды жүзеге асырады;

4) тұрақты даму туралы бөлімді қоса отырып, Қордың жылдық есебін дайындауды жүзеге асырады;

5) сыртқы жаттықтырушыларды тарта отырып немесе дербес түрде тұрақты даму саласында Қор/ЕҰ лауазымды тұлғалары мен қызметкерлерінің біліктілігін арттыру мақсатында Қор/ЕҰ қызметкерлері үшін оқыту семинарларын өткізеді;

6) тұрақты даму саласындағы ЕҰ-ның ішкі нормативтік құжаттары мен іс-шаралар жоспарларын келісуді қоса алғанда, тұрақты даму мәселелері бойынша Холдингпен/Қор ЕҰ-мен өзара іс-қимыл жасайды;

7) тұрақты даму мәселелері бойынша халықаралық ұйымдармен, институттармен, агенттіктермен өзара іс-қимыл жасайды.

7. Тұрақты даму қағидаттарын түйінді процестерге интеграциялау

77. Қор тұрақты даму қағидаттарын жоспарлау, есептілік, тәуекелдерді басқару, инвестициялар, операциялық қызмет және басқаларды қоса алғанда, Даму стратегиясына және Қордың түйінді процестеріне, сондай-ақ органдардан (Жалғыз акционер, Директорлар кеңесі, Басқарма) бастап және қатардағы қызметкерлермен аяқтай отырып, барлық деңгейлерде шешімдер қабылдау процестеріне кіріктіреді.

7.1 Шешім қабылдау процестері

78. Қорда шешім қабылдау процесі келесілер негізінде құрылады:

- 1) тұрақты даму қағидаттарына бейілділікті Қордың уәкілетті органдары белгілейді;
- 2) шешім қабылдау процесі қаржылық, табиғи және адам ресурстарын тиімді пайдалануға ықпал етеді;
- 3) Қорда басшылық лауазымдар үшін тең гендерлік және нәсілдік мүмкіндіктер беріледі;
- 4) Қорда өзара іс-қимылды жақсарту үшін салаларды анықтауға көмектесетін мүдделі тараптармен екіжақты ақпарат алмасу процестері белгіленген;
- 5) Қорда мерзімді негізде басқару процестеріне талдау және бағалау, қажет болған жағдайда процестерге түзету және тиісті ақпаратты барлық мүдделі тұлғаларға жеткізу жүргізіледі.

7.2 Даму стратегиясы және жоспарлау

79. Стратегиялық интеграция Қордың тұрақты даму саласындағы мақсаттары мен міндеттерін ескере отырып, Қордың Даму стратегиясын өзектілендіруді болжайды.

80. Тұрақты даму жөніндегі іс-шаралар Қордың Даму стратегиясын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарына енгізілген.

7.3 Корпоративтік басқару

81. Қордың тұрақты дамуын басқару жүйесі Корпоративтік басқару жүйесімен тығыз байланысты.

82. Қордың КБК негізін қалаушы қағидаттарының бірі тұрақты даму қағидаты болып табылады.

83. Барлық деңгейдегі қызметкерлер мен лауазымды тұлғалар тұрақты дамуға үлес қосады.

7.4 Операциялық қызмет

84. Қор тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді берушілерді таңдауды Қазақстан Республикасы заңнамасының және ішкі құжаттардың талаптарына сәйкес ашық негізде жүзеге асырады және тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді жеткізудің үздік бағасын, сапасы мен шарттарын, сондай-ақ контрагенттің жақсы іскерлік беделін таңдауға негізделеді.

85. Қор тұрақты даму мақсаттарымен келісушілікті арттыру үшін тұрақты даму қағидаттарын әріптестермен тиісті келісімшарттарға (келісімдерге, шарттарға) енгізу мүмкіндігін қарайды.

7.5 Тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау

86. Қордың іс-әрекеттері мүдделі тараптардың мүдделерін қозғайды және олардың тарапынан сынның нысанасы болуы мүмкін. Қор мүдделі тараптарды сынға алуды оның беделіне ықтимал теріс әсер ету көзі ретінде қарастырады. Қордың тұрақты даму саласындағы тәуекелінің негізгі түрі нысаналы аудиторияның Қор қызметіне сенім деңгейінің төмендеуіне байланысты бедел тәуекелі болып табылады.

87. Бедел тәуекелін басқарудың негізгі құралы бұқаралық ақпарат құралдарының мониторингін жүзеге асыруды, өтініштерді қарауды, сұрау салулар мен мүдделі тараптармен кездесулер өткізуді қоса алғанда, мүдделі тараптармен тұрақты диалог жүргізу болып табылады.

88. Ұзақ мерзімді кезеңде Қордың тұрақты дамуына ықпал ететін басқа тәуекелдер ретінде Қордың ішкі құжаттарында айқындалатын өзге де тәуекелдер қаралуы мүмкін.

89. Тұрақты даму саласындағы тәуекелдерді айқындау мақсатында Қор Қорға әсер етудің ішкі де, сыртқы да факторларына талдау жүргізеді.

90. Қор тұрақты даму саласындағы тәуекелдерді Қор тәуекелдерінің тіркеліміне енгізеді және оларды барынша азайту жөнінде шаралар қабылдайды.

7.6 Қаржылық қолдау

91. Қор және оның еншілес ұйымы мынадай қызмет түрлеріне байланысты жобаларды қаржыландырмайды:

- 1) пайдалы қазбаларды өндіру (егер оларды жоба шеңберінде одан әрі өңдеу көзделмеген жағдайда);

- 2) ойын бизнесі;
- 3) Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынған қызмет түрлері;
- 4) халықаралық қаржы ұйымдарымен бірлескен жобаларды іске асыру кезінде - осы халықаралық қаржы ұйымдарымен тыйым салынған қызмет түрлері;
- 5) Қор Басқармасының шешімі бойынша қызметтің басқа да түрлері.

92. Жобалық қоржынды қалыптастыру кезінде Қор БҰҰ-ның Тұрақты даму мақсаттарына сәйкес келетін және Қазақстан Республикасының тұрақты әлеуметтік-экономикалық дамуына елеулі ықпал ететін жобаларға, оның ішінде мыналарға жәрдемдесетін жобаларға артықшылық береді:

- 1) барлығын қамтитын және тұрақты индустрияландыру;
- 2) қалалар мен елді мекендердің ашықтығы, қауіпсіздігі, өмірге төзімділігі және экологиялық орнықтылығы;
- 3) Қазақстан Республикасының және жекелеген облыстардың/қалалардың экономикасын әртарапандыру.

93. Қор қоршаған ортаны қорғау және қаржыландырылатын жобалар мен өзге де қызметтің әлеуметтік әсері саласында озық халықаралық практиканы қолдануға ұмтылады.

94. Қордың қаржылық қолдау көрсетуі туралы шешім қабылдау кезінде мемлекеттік экологиялық сараптама жүргізу саласындағы уәкілетті органдар берген Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес талап етілетін рұқсат беру құжаттарының болуы ұсынылады.

95. Қаржыландырылатын жобалардың қоршаған ортаға және қоғамға әсер ету ауқымы мен сипатына қарай Қор жобалардың экологиялық және әлеуметтік тәуекелдеріне бағалау мен мониторинг жүргізу мақсатында шарттық негізде консалтингтік, аудиторлық, ғылыми-зерттеу ұйымдарын, сондай-ақ жекелеген сарапшыларды тарта алады.

96. Жобаларды қоса қаржыландыруға басқа халықаралық және ұлттық қаржы институттары тартылған жағдайда, Қор осындай құжаттар болған кезде, осы ұйымдар ұсынған құжаттардың тиісті ережелерін басшылыққа алады.

97. Қор тұрақты даму саласындағы халықаралық бастамаларға, оның ішінде жауапты инвестициялау практикасын қолдануға қатысты бастамаларға қосылу арқылы қатысуды дәйекті түрде кеңейтуге ниетті.

8 Тұрақты даму саласындағы ақпаратты ашу

98. Қордың осы Саясаты қалың жұртшылық үшін ашық болып табылады және корпоративтік интернет-сайтта орналастырылады.

99. Қор мүдделі тараптар үшін корпоративтік интернет-сайттың тиісті бөлімінде, сондай-ақ Қордың жылдық есебінде осы саясатты іске асыру нәтижелерін үнемі ашып отырады.

100. Қордың жылдық есепті қалыптастырудағы тәсілдері ақпаратты ашудың халықаралық стандарттарына - GRI стандарттарына сүйенеді.

4-тарау. Қорытынды ережелер

101. Осы Саясат ол бекітілген сәттен бастап күшіне енеді.

102. Қор өз қызметінде осы Саясаттың ережелерін енгізуге ұмтылады.

103. Қор Жалғыз акционердің, Қордың және өзге де мүдделі тұлғалардың мүдделерін басшылыққа ала отырып, заңнамадағы өзгерістерді және халықаралық және ұлттық практикада тұрақты даму саласындағы жаңа стандарттардың пайда болуын ескере отырып, осы саясатты жетілдіретін болады.